



Достық үйі

РОЖДЕСТВО МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТТІ

Аудандық Достық үйінде неміс ұлтының салт-дәстүрі мен мәдениетін, тілін жандандыру, аудан тұрғындары арасында бірлік пен татулықты сақтау мақсатында Католиктер Рождествосы мерекесі атап өтілді.



Іс-шараға ауданның неміс, қазақ, славян этномәдени бірлестіктерінің мүшелері және Семей қаласының "Возрождение" неміс қоғамдық бірлестігінің, сондай-ақ М-Владимирова және Канонерка ауылдық округтерінің өкілдері қатысты. Мерекеге аудандық мәслихат хатшысы М.Р. Абылгазинова және Бесқарағай ауылдық округінің әкімі Ю.А. Слонцкий қатысып, қонақтарды Рождество мерекесімен құттықтады.

Іс-шара барысында Семей қаласының "Возрождение" неміс қоғамдық бірлестігінің мүшелері мен мереке жүргізушісі Рождество мерекесінің шығу тарихы мен дәстүрлері туралы айтып берді.

Мерекелік іс-шара рождестволық тағамдармен безендірілген достық дастарқанының басында өтті. Барлық этномәдени бірлестіктер бір-бірін мерекемен құттықтап, өздерінің шығармашылық өнерлерін көрсетті. Германияда тұратын жерлестеріміз Шпейт және Нүрсейитовтар отбасылары бейне-құттықтауларын жолдады. Мерекеге қатысушылар өзілдер айтып, би билеп, әндер шырқады. Ал Аяз Ата мен Ақшақардың көңілді ойындары барлығына жаңа жылдық көңіл-күй сыйлады.

Ербол ЕРЕНҰЛЫ

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БЕСҚАРАҒАЙ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ «ПАЙДАЛАНЫЛМАЙТЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ ЖЕР САЛЫҒЫНЫҢ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» 2020 ЖЫЛҒЫ 16 СӘУІРДЕГІ № 51/3-VI ШЕШІМІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27- бабының 2-тармағына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының «Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы» 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 51/3-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7023 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

ЛАУАЗЫМЫ

АТЫ-ЖӨНІ

2022 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАҢТАР-10 АҚПАН АРАЛЫҒЫНДА БЕСҚАРАҒАЙ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДЕРІНІҢ ХАЛЫҚТАР АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРУ КЕСТЕСІ

№	Ауылдық округтердің атауы	Әкімнің аты-жөні	Өткізілетін күні	Өтетін жері
1	Глуховка ауылдық округі	Тастенбеков Алмас Танибекұлы	10.01.2022 ж. 10.00	Степнянка ауылы, «Қасенов» қатымхана
			10.01.2022 ж. 12.00	Старая Крепость ауылы, ауылдың әкімшілік ғимараты
			10.01.2022 ж. 16.00	Жыланды ауылы, «Жыланды негізгі мектебі» КММ
			11.01.2022 ж. 11.00	Бірлік ауылы, медициналық пункт ғимараты
			11.01.2022 ж. 15.00	Белокаменка ауылы, «Белокаменка негізгі мектебі» КММ
2	Канонерка ауылдық округі	Тастенбеков А.Т. Байсабыров Ж.Б.	31.01.2022 ж. 10.00	Глуховка ауылы, «Глуховка орта мектебі» КММ
			12.01.2022 ж. 10.00	Карабаш кардоны, орманшылық кеңсесі
			12.01.2022 ж. 15.00	Қара-Мырза ауылы, клуб ғимараты
			31.01.2022 ж. 15.00	Канонерка ауылы, «Канонерка орта мектебі» КММ
			13.01.2022 ж. 10.00	Башкөл ауылы, пошта ғимараты
3	Башкөл ауылдық округі	Бытебаев Қайрат Бесенбайұлы	13.01.2022 ж. 15.00	Бөкебай ауылы, орман шаруашылығы кеңсесінің ғимаратында
			01.02.2022 ж. 10.00	Қарағайлы ауылы, Мәдениет үйі
			14.01.2022 ж. 10.00	Морозов орман шаруашылығы, орман шаруашылығы кеңсесінің ғимаратында
4	Ерназар ауылдық округі	Асылгожин Ғани Нұрланұлы	14.01.2022 ж. 15.00	Қоянбай ауылы, «Қоянбай орта мектебі» КММ
			01.02.2022 ж. 15.00	Ерназар ауылы, «Сосновка орта мектебі» КММ
			17.01.2022 ж. 10.00	Бөдене ауылы, «Бөденелі орта мектебі» КММ
5	Долон ауылдық округі	Ипанов Кенжеғали Қунафиянұлы	17.01.2022 ж. 15.00	Мостик ауылы, «Мостик орта мектебі» КММ
			02.02.2022 ж. 10.00	Долон ауылы, «Долон орта мектебі» КММ
			18.01.2022 ж. 15.00	Бозтал ауылы, «Бозтал орта мектебі» КММ
6	Малая Владимировка ауылдық округі	Ербулат Диас	02.02.2022 ж. 14.00	Малая Владимировка ауылы, «Малая Владимировка орта мектебі» КММ
			19.01.2022 ж. 10.00	Жандос ауылы, жеке үй
			19.01.2022 ж. 15.00	Беген-лесхоз ауылы, орман шаруашылығы кеңсесінің ғимараты
7	Беген ауылдық округі	Асылгожин Н.Т. Байсабыров Ж.Б.	02.02.2022 ж. 16.30	Беген ауылы, «Беген орта мектебі» КММ
			20.01.2022 ж. 15.00	Өндіріс ауылы, «Өндіріс орта мектебі» КММ
			03.02.2022 ж. 10.00	Қарабас ауылы, «Семеновка орта мектебі» КММ
8	Бесқарағай ауданы	Слонцкий Юрий Алексеевич	21.01.2022 ж. 15.00	Бесқарағай ауылы, Аудандық мәдениет үйі
			24.01.2022 ж. 15.00	Кривинка ауылы, Қатымхана ғимараты
			25.01.2022 ж. 10.00	Грачи ауылы, Гагарин көшесі, 31-үй
9	Жетіжар ауылдық округі	Байзақов Тілек Дайырұлы	25.01.2022 ж. 15.00	Лесной ауылы, жеке меншік үй, 3 квартал көшесі, 31-үй
			03.02.2022 ж. 15.00	Жетіжар ауылы, «Семижар орта мектебі» КММ
			04.02.2022 ж. 15.00	Бесқарағай ауылы, Аудандық мәдениет үйі

Н.АГИБАЕВ,
Бесқарағай ауданы әкімінің
аппарат басшысы

Президент тапсырмалары аясында

МАҚСАТЫМЫЗ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ЖАҚСARTY

Мен үшін, халық қалаулысы ретінде, әр салада аянбай еңбек етіп, елімнің келешегі үшін халықтың ықыласына бөлену өте маңызды. Мақсатымыз - жақсы қызмет ету ғана емес, мемлекетіміз мен қоғамды дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру.



Жетекшілік ететін мәслихат депутаты ретінде маған сондай-ақ облыстық деңгейде кітапханалардың кітап қорын ұлғайту тапсырылған. Мерзімсіз баспасөз басылымы болғандықтан, 3,6 мың кітап сатып алуға 38,1 млн. теңге қаражат бөлінгенін атап айтқан жөн.

Бұл ретте депутаттық мандатқа ие болғаннан бастап аталған Жол картасының орындалуына аса жауапкершілік танытып, ауданымыздағы бірқатар кітапханаларды, соның ішінде, Бесқарағай аудандық орталық кітапханасы, Бөдене, Ерназар, Долон, Мостик ауылдарының, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылының кітапханаларын аралап, ЭКСПРОМТ-кездесулер өткіздім.

Кітапханалардың жай-күйімен танысып, бірқатар мәселелерінің барын байқадым. Кітап қорлары жетілдірілгенімен де, кітап оқитын залдар мен сөрелер ескіріп, бүгінгі талапқа сай болмай тұр. Ауылдарда интернет желісінің нашарлығынан кітап оқуға берілген планшеттер іске қосылмай келеді. Оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылықтары мен құлшыныстарын көріп, бұл мәселе көңіл аударарлық екендігін ұқтым.

Қоғам болып көтеретін тағы бір мәселе мен қызмет етіп отырған саламен тығыз байланысты. Жол картасындағы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және насихаттау, Қазақстан халықтарының тілдерін дамыту бойынша пунктін жүзеге асыруға ат салысудамын. Кестеге сәйкес 2025 жылға дейін әр жыл сайын облыстық деңгейде 5 ауқымды іс-шара ұйымдастыру көзделген. "Тіл шебері" атты үш тілді меңгерген жастар арасындағы облыстық байқау, этнос өкілдері арасындағы "Я говорю по-казахски" байқауы, "Тілдер шеруі" фестивалі, славян жазбасы және мәдениет күнін мерекелеу аясындағы іс-шара, "Мемлекеттік тіл - Тәуелсіздік символы" этнос өкілдері арасындағы облыстық байқау ұйымдастырылды. Іс-шараларды өткізу үшін жалпы 2 млн теңге бөлініп, 2 млн теңге игерілген. ШҚО бойынша тұрғындардың мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау бойынша сауалнама жүргізіліп, нәтижесі 85,9%-ды құрады. Бұл - жалпы облыс бойынша көрсеткіш.

Облыстық сайлауалды бағдарламаны жүзеге асырудың Жол картасында алдағы 5 жыл-

да 118 іс-шараны орындау көзделген. 2021 жылы сайлауалды бағдарлама 21,7%-ға, 2022 жылы – 20,4%-ға, 2023 жылы – 19,8%-ға, 2024 жылы – 17,4%-ға және 2025 жылы 20,7 %-ға орындалады деп күтілуде. Жол картасында жоспарланған шаралардың орындалу барысы туралы тұрғындарға ақпараттарды ұсынып отыратын боламыз. Халық игілігіне бағытталған әрбір іс-шаралардың ел болып жемісін бірге көрейік. Қоғамдық көзқарастарды, ой-пікірлер, кездесулер мен жиналыс қорытындылары туралы уақытылы әлеуметтік желі арқылы, БАҚ арқылы кеңінен ақпараттар беріп отырамыз.

Фракция мүшелеріне берілген міндет жоғарыда аталғандармен ғана шектелмейді, сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабына сәйкес, облыстық мәслихатпен 4 тұрақты комиссия құрылған. Оның бірі – әлеуметтік-мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссия. Мен сол комиссияның мүшесімін. Жұмыс кестесіне сәйкес, ШҚ облыстық мәслихаты әр тоқсанға арналған жұмыс жоспарын бекітеді. Жалпы отырыстарда өтүрілген мәселелер қаралып, сессияға ұсынылады. Сессияның күн тәртібінде қаралатын мәселелерге ұсыныстар, өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бекітіледі.

Халықты көп толғандыратын өзекті мәселелердің бірі – елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту. Бұл бағытта да атқарылуы тиіс көптеген жұмыстар бар. Өртүрлі жобаларды іске асыру үшін бірнеше депутаттық сауалдарды жолдауды жоспарға алып отырмын.

Қазіргі таңда Шығыс Қазақстан облысында қаржыды дамып жатқан саланың бірі – ауыл шаруашылығы. Осыған орай аймақ халқының басымы көпшілігін құрайтын ауыл тұрғындарының табысын арттырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында да игі істер іске асуда. Облыс бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлардың көп екендігін айта кеткен жөн.

Халық қалаулысы ретінде берекекті істердің бастаушысы болу, бойындағы адами қасиеттеріңді сақтау, қызметте, өмірде тура жолмен жүру, елдің мүддесі мен халықтың үдесінен шығу үлкен жауапкершілікті сезіндіреді.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы құтты болсын! 2021 жыл сәтті аяқталып, көлер 2022 Жаңа жыл бәршамызға берекесімен кірсін. Еліміз көркейіп, бейбіт аспанда қырандай биік самғап, тыныштықта, амандықта өмір сүре берейік!

Айнаш ӘМЕНОВА,
Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының депутаты

ХАБАРЛАНДЫРУ

07.02.2022 ж. Шығыс Қазақстан облысы, Бесқарағай ауданы, Долон а.о., Бөдене а., Абай көшесі, 11 әкімдік ғимараты мекенжайында сағ. 15:30-да «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданындағы Горностаевское кен орнының никель-кобальт кендерін өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Егер карантин ұзартылса, бұл қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде өтеді. Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/4259079442?pwd=aXNDdzJrSTAvUURxSHRTNlpDcENLZz09>

конференция идентификаторы: 425 907 9442, кіру коды: 123456.

Тіркеу, талқылау басталардан 1 сағат бұрын басталады, жеке бас куәлігін көрсеткенде. Конференцияға қосылу туралы сұрақтар бойынша тапсырыс берушімен байланысыңыз: Тапсырыс беруші: «Казникель» ЖШС. Мекен жайы Семей қ., Абай Кунанбаев даңғылы 99В, тел. +7 (7222)36-07-74, e-mail: info@kaznickel.kz. Әзірлеуші «Minerals Operating Ltd.» ЖШС, Мекен жайы Нур-Султан қ., Мангелик Ел даңғылы 55/21, Блок С4.2, офис 164 тел. +77787419151 Марина.

Жергілікті атқарушы орган - «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел. 8 (7232) 25-72-06.

Жобалық құжаттама e-priroda.gov.kz сайтында, ЕЭП esportal.kz, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады: - тапсырыс берушінің электрондық поштасы: info@kaznickel.kz; borohova2014@mail.ru

Меншік иесі: «Семей таңы - Вести Семей» газеттері» ЖШС

Директор
Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА



Email: info@semeytany.kz

Бас редактор
Ерболат
РАХМЕТУЛИН

Редактор
Жадыра
ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ
Тел.: 8 702 373 811 6,
zhadyratol@mail.ru

Редактордың
орынбасары
Шынар РЫСАКОВА
shynara85@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі берген тіркеу куәлігі № KZ53VPY00019057, 30.12.2019 ж.
Газет «Семей таңы - Вести Семей» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Таралымы - 1700. Аптасына бір рет - жұма күні шығады.
Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Редакцияның мекенжайы:

Р18А5Н3, Семей қаласы,

Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.

Тел.: қабылдау бөлмесі - 52-36-57;

тілшілер - 52-07-34, 52-09-84

жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03;

факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

